

## 2024 жылғы қаңтар-шілдедегі құрылыс материалдары өндірісі

ҚР құрылыс материалдарын өндіру көлемі 2024 жылғы қаңтар-шілдеде 649,9 млрд. теңгені құрады, бұл атаулы мәнде 2023 жылғы ұқсас кезеңнен 1,8%-ға төмен (661,8 млрд. теңге). Өнімнің нақты көлемінің индексі 2024 жылғы қаңтар-шілдеде 89,3% құрады.

Заттай мәнде өсу келесі тауарлар бойынша байқалады:

- қож, минералды мақта (+45%);
- ескерткіштер, әрлеу және құрылысқа арналған өңделген тас (+8,6%);
- отқа төзімді бұйымдар (+4,3%);
- гипсокартон (+3,2%);
- сөндірілген, сөндірілмеген және гидравликалық әк (+0,9%).

Құрылыс материалдары өнімдерінің экспорты 2024 жылдың қаңтар-маусымында 2023 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 7,8%-ға ұлғайып, 126,7 млн. АҚШ долларын құрады. Заттай мәнде экспорт көлемі 8,8%-ға төмендеп, 681,2 мың тоннаны құрады, өткен жылдың осы кезеңінде 746,8 мың тонна деңгейінде болды.

Экспорттың негізгі ТОП-елдері: Ресей (63,6%), Қырғызстан (15,1%) және Өзбекстан (10,1%).


2024 жылдың қаңтар-маусымында отандық нарыққа құрылыс материалдарының импорты 542,1 млн. АҚШ долларын құрап, 2023 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 4,1%-ға төмендеді. Заттай мәнде тауарлар көлемі 1 416,2 мың тоннаны құрап, 2023 жылдың ұқсас кезеңіне қарағанда 7,3%-ға қысқарды. Негізгі ТОП-импорттаушы елдер: Ресей (41,6%), Қытай (26%) және Өзбекстан (6,4%).

2024 жылғы қаңтар-маусымда ҚР құрылыс материалдары нарығының көлемі 1 610,2 млн. АҚШ долларын құрады, бұл ретте ОТӨ үлесіне 66,3%, импорттық өнімнің үлесіне 33,7% келеді.

Ағымдағы жылдың қаңтар-шілдесінде құндық мәнде өндірістің ең көп көлемі Астана қаласына (өңірдің үлесі өндірістің жалпы көлемінде 14,3%), Қарағанды (9,4%) және Алматы облыстарына (9,1%) тиесілі.

# ПРОИЗВОДСТВО СТРОИТЕЛЬНЫХ МАТЕРИАЛОВ

## январь-июль 2024 г.



\$126,7 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 33,7%  
ОТП 66,3%

\$1610,2 МЛН

МЛН


РЫНОК

\$542,1 МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынку, экспорту и импорту за январь-июнь 2024 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ